Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын қоспағанда, тиісті типтер мен түрлердегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы — техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бөлігінде (2026 жылғы 4 мамырдағы № 116-НҚ өзгерістерімен).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы — колледж іске асыратын білім беру бағдарламалары бөлігінде (2026 жылғы 16 қыркүйектегі № 258-НҚ өзгерістерімен).

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, рухани білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан

Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2026 жылғы 15 мамырдағы № 128-НҚ бұйрығымен енгізілген өзгерістермен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 «Республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың олимпиадалық резервтегі мамандандырылған мектеп-интернат-колледждерін және дарынды балаларға арналған спорт мектеп-интернаттарын қоспағанда, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізудің, оларды аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (2026 жылғы 15 мамырдағы № 128-НҚ өзгерістерімен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы — білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау бөлігінде.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және кәсіптік практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2024 жылғы 20 мамырдағы № 108 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 «Мектепке дейінгі ұйымдар, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім беру қызметтерін көрсету туралы үлгілік шарттың нысандарын, кәсіптік практиканы өткізу туралы үлгілік шартты және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін дуальды оқыту туралы үлгілік шартты бекіту туралы» бұйрығы.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының 2020 жылғы 21 мамырдағы № 304 бұйрығымен бекітілген Университет жарғысы.

3. Белгілер мен қысқартулар

ҚБТЕ	Құрылымдық бөлімше туралы ереже;
ПжҚҚБ	Персонал және құқықтық қолдау басқармасы;
ҚББ	Құрылымдық бөлімшенің басшысы;
ҚҚЕжБ	Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі;
ІСҚЕЖжБӨ	Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі жөніндегі басшылықтың өкілі;
ІСҚЕЖ	Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі;
ШҚУ ҚР	Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің құжатталған рәсімі.

4. Жоғары колледж қызметінің мақсаттары мен мәні

4.1. Жоғары колледж қызметінің мақсаты – жеке тұлғаның техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуға деген қажеттіліктерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы экономикасы мен әлеуметтік саласының білікті жұмысшы кадрларға, орта буын мамандарына және қолданбалы бакалаврларға деген қажеттіліктерін қанағаттандыру.

4.2. Жоғары колледж қызметінің мәні – мемлекеттік білім беру тапсырысы және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар негізінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ мынадай қызмет бағыттарын жүзеге асыру:

- техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау;
- орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қолданбалы бакалаврларды даярлау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетел азаматтарын оқыту;
- кәсіптік стандарттарды, жұмыс берушілердің талаптарын және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;
- өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы ұйымдастыру, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау және дуальды оқытуды дамыту;
- университетпен өзара іс-қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету;

- педагогтер мен білім алушылардың оқу-әдістемелік, зерттеу және жобалық қызметін ұйымдастыру;
- заманауи білім беру және цифрлық технологияларды енгізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен колледждің мақсаттары мен университет Жарғысына сәйкес келетін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

5. Негізгі міндеттері

Жоғары колледждің міндеттері:

5.1. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде сапалы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуға, жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби тұрғыдан қалыптасуына жағдай жасау.

5.2. Іске асырылатын білім беру бағдарламалары мен еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес білікті жұмысшы кадрларды, орта буын мамандарын және қолданбалы бакалаврларды даярлау.

5.3. Мектеп оқушылары мен білім алушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру, кәсіби ынтасын қалыптастыру және түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

5.4. Теориялық оқыту, өндірістік оқыту және кәсіптік практика арасындағы байланысты қамтамасыз ету, дуальды оқытуды және жұмыс берушілермен ынтымақтастықты дамыту.

5.5. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, кәсіптік стандарттарды және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру.

5.6. Университетпен өзара іс-қимыл жасау арқылы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру бағдарламаларының сабақтастығын қамтамасыз ету.

5.7. Білім алушыларды даярлау сапасын арттыруға бағытталған заманауи білім беру және цифрлық технологияларды енгізу.

5.8. Педагогтер мен білім алушылардың оқу-әдістемелік, зерттеу және жобалық қызметін дамыту, оның нәтижелерін оқу процесінде пайдалану.

5.9. Азаматтық жауапкершілікті, кәсіби этиканы, қарым-қатынас мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру.

5.10. Білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қолжетімді және қауіпсіз білім беру ортасын құру.

5.11. Колледждің кадрлық әлеуетін дамыту, педагогтердің біліктілігін арттыру және оқу процесінің материалдық-техникалық әрі оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру.

5.12. Көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін колледж университет Жарғысында және осы Ережеде белгіленген өкілеттіктер шегінде мынадай құқықтарға ие:

- өңірдің қажеттіліктері мен колледждің мүмкіндіктерін ескере отырып, қабылдау жоспары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтары мен біліктіліктерінің жаңа түрлерін ашу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен бекітуге ұсыну;
- заңнама талаптары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес оқыту әдістері мен технологияларын, оқу жетістіктерін бақылау нысандарын таңдау және қолдану;
- оқу процесінің кестесі мен сабақ кестесін әзірлеу, тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- жұмыс берушілермен ынтымақтастықты дамыту, кәсіптік практиканы және дуальды оқытуды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- колледждің міндеттеріне сәйкес зертханалар, шеберханалар, әдістемелік бірлестіктер, студенттік клубтар және басқа да бірлестіктер құру туралы ұсыныстар енгізу;
- педагогикалық және оқу-көмекші персоналды іріктеу, жұмысқа қабылдау және олардың біліктілігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу;
- жабдықтар, оқу әдебиеттері және цифрлық ресурстар сатып алу жөнінде ұсыныстар енгізу.

6. Негізгі қызметтері

6.1. Қызметінің мақсатына, мәніне және негізгі міндеттеріне сәйкес колледж университет Жарғысында және осы Ережеде белгіленген өкілеттіктер шегінде мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің кестелерін әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен бекітуге ұсыну;
- университеттің лицензиясына және оған қосымшаларға, мемлекеттік білім беру тапсырысына және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттарға сәйкес білім алушыларды қабылдауды ұйымдастыру және олардың контингентін қалыптастыру;
- теориялық және өндірістік оқытуды, оның ішінде дуальды оқыту шеңберінде кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу;
- оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;

- білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жүргізу, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу, нәтижелерін талдау және білім беру сапасын арттыру жөнінде шаралар қабылдау;
- тәрбие және сабақтан тыс жұмыстарды, студенттік клубтар мен бірлестіктердің қызметін ұйымдастыру, студенттік өзін-өзі басқаруды дамыту;
- кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу, жұмыс берушілермен өзара іс-қимыл жасау, түлектерді жұмысқа орналастыруға және білімін жалғастыруға жәрдемдесу;
- педагогтер мен білім алушылардың зерттеу және жобалық қызметін ұйымдастыру, заманауи білім беру және цифрлық технологияларды енгізу;
- оқу құжаттамасын жүргізу, білім алушылар контингентінің қозғалысын есепке алу, есептілікті дайындау және білім беру саласындағы ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді өзектендіру;
- колледж қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін бөлу, университеттің Басқарма төрағасы – ректорына штат кестесі, кадрларды іріктеу және олардың біліктілігін арттыру мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;
- жабдықтарға, оқу әдебиеттеріне, цифрлық ресурстарға және басқа да оқыту құралдарына қажеттілікті айқындау, оларды сатып алу жөнінде ұсыныстар енгізу және тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- колледж қызметін қаржыландыру және белгіленген тәртіппен қосымша қаржылық және материалдық ресурстар тарту жөнінде ұсыныстар дайындау;
- білім алушылардың тамақтануын, медициналық қызмет алуын және тұруын ұйымдастыру мәселелері бойынша университеттің тиісті бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасау, колледж құзыреті шегінде осы қызметтерді көрсету жағдайларын бақылау;
- қолжетімді және қауіпсіз оқу жағдайларын жасау, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

7. Оқу процесін ұйымдастыру

7.1. Колледждегі оқу процесі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына, білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына және бекітілген оқу құжаттарына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша ұйымдастырылады.

7.2. Оқу процесін ұйымдастырудың негізі оқу, өндірістік, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстарын жоспарлау және есепке алу болып табылады. Жоспарлау білім беру бағдарламалары, жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқу процесінің кестесі және тәрбие жұмысының жоспары негізінде жүзеге асырылады.

7.3. Оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдері, академиялық кезеңдердің ұзақтығы, кәсіптік практиканың, аралық және қорытынды

аттестаттаудың мерзімдері іске асырылатын білім беру бағдарламаларының талаптары ескеріле отырып, бекітілген оқу процесінің кестесімен айқындалады.

7.4. Білім алушыларға оқу жылы ішінде кемінде екі рет каникул беріледі. Олардың мерзімдері мен ұзақтығы қолданыстағы нормативтік талаптарға сәйкес оқу процесінің кестесімен айқындалады.

7.5. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша оқыту негізгі орта, жалпы орта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де білім беру деңгейлері базасында жүзеге асырылады. Орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім базасында жүзеге асырылады. Қабылдау университет лицензиясына қосымшаларда көрсетілген мамандықтар мен біліктіліктер бойынша жүргізіледі.

7.6. Сабақ кестесі оқу процесінің кестесіне және жұмыс оқу жоспарларына сәйкес жасалады және университетте белгіленген тәртіппен уәкілетті лауазымды тұлғамен бекітіледі.

7.7. Әрбір оқу ауысымында қатарынан өткізілетін екі жұп сабақтан кейін білім алушылардың тамақтануы мен демалуына ұзақтығы кемінде 15 минут болатын үзіліс қарастырылады. Сабақтар мен үзілістердің басталу және аяқталу уақыты колледждің бекітілген қоңыраулар кестесімен айқындалады.

7.8. Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

7.9. Білім алушыларға академиялық демалыс беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 506 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

7.10. Кәсіптік практика Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 107 «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын және кәсіптік практика базалары ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) айқындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады. Практика базалары шарт негізінде айқындалады.

8. Колледжге қабылдау тәртібі

8.1. Колледжге оқуға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Қабылдау университет лицензиясына қосымшаларда көрсетілген мамандықтар мен біліктіліктер бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттар бойынша шарттық негізде жүзеге асырылады.

8.3. Қабылдауды ұйымдастыру университетте белгіленген тәртіппен құрамы мен жұмыс тәртібі бекітілетін қабылдау комиссиясына жүктеледі. Білім алушыларды оқуға қабылдау университеттің Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен ресімделеді.

9. Басқару органдарын қалыптастыру тәртібі және олардың құзыреті

9.1. Жоғары колледждің қызметіне тікелей басшылықты университеттің Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен қызметке тағайындалатын және қызметінен босатылатын директор жүзеге асырады. Бұл ретте қызметкерлерді тағайындаудың белгіленген тәртібі сақталады.

9.2. Колледж университет Жарғысында, осы Ережеде және университеттің актілерінде белгіленген өкілеттіктер шегінде білім беру, оқу-әдістемелік, тәрбие және ұйымдастыру қызметін жүзеге асырады.

Колледж Директорлар кеңесі бекітетін университеттің ұйымдық құрылымына кіреді. Колледждің құрылымы мен штат санына өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды колледж директоры университеттің Басқарма төрағасы – ректорына қарау және белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесіне ұсыну үшін енгізеді. Университеттің штат кестесі колледжге қатысты бөлігінде бекітілген штат саны ескеріле отырып, Басқарма тарапынан бекітіледі.

9.3. Колледж директорымен еңбек шарты жасалады. Еңбек шартының құқықтары, міндеттері, еңбек жағдайлары, жауапкершілігі және оны тоқтату негіздері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, еңбек шартымен және лауазымдық нұсқаулықпен айқындалады.

9.4. Колледж директоры қызметті жеке басшылық пен мәселелерді алқалы түрде қарастыру қағидаттарын ұштастыра отырып ұйымдастырады, өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауапкершілік көтереді.

9.5. Берілген өкілеттіктер шегінде колледж директоры университеттің құрылымдық бөлімшелерімен өзара қарым-қатынаста колледж атынан өкілдік

етеді, колледж қызметкерлері үшін олардың лауазымдық міндеттері шегінде міндетті болып табылатын өкімдер шығарады және нұсқаулар береді. Колледж қызметіне қатысты мәселелер бойынша сыртқы ұйымдарда университеттің мүдделерін білдіруді университеттің Басқарма төрағасы – ректоры берген сенімхат негізінде директор жүзеге асырады.

9.6. Директордың орынбасарлары мен колледж бөлімшелерінің басшылары колледж директорының ұсынуы бойынша университеттің Басқарма төрағасы – ректорының бұйрығымен қызметке тағайындалады және қызметінен босатылады. Бұл ретте қызметкерлерді тағайындаудың белгіленген тәртібі сақталады.

9.7. Директордың орынбасарлары мен колледж бөлімшелерінің басшылары арасындағы міндеттерді бөлуді колледж директоры берілген өкілеттіктер шегінде жүзеге асырады. Міндеттер лауазымдық нұсқаулықтарда және тиісті ұйымдастырушылық құжаттарда бекітіледі.

9.8. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын университеттің Басқарма төрағасы – ректоры өз құзыреті шегінде және университетте белгіленген тәртіппен бекітеді.

9.9. Колледждің алқалы басқару органы педагогикалық кеңес болып табылады. Оның құрамы, құзыреті, қалыптастыру және қызмет ету тәртібі университетте белгіленген тәртіппен бекітілген Педагогикалық кеңес туралы ережемен айқындалады.

9.10. Педагогикалық кеңес оқу процесін ұйымдастыру, білім алушыларды даярлау сапасы, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмыстары мәселелерін қарайды. Кеңестің шешімдері хаттамалармен рәсімделеді.

9.11. Колледж қызметкерлерінің еңбек режимі университеттің жалпыға ортақ ішкі еңбек тәртібі қағидаларымен, еңбек шарттарымен және бекітілген жұмыс кестелерімен айқындалады. Білім алушылардың оқу сабақтары мен үзілістерінің режимі осы Ережемен және колледждің бекітілген қоңыраулар кестесімен белгіленеді.

10. Колледж білім алушылары

10.1. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, университет Жарғысымен, осы Ережемен, университеттің білім алушыларға қатысты ішкі құжаттарымен және білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттармен айқындалады.

10.2. Техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасын толық меңгерген және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға тиісті білім деңгейі туралы диплом, оған қосымша беріледі және білім беру бағдарламасында көзделген біліктілік тағайындалады. Білім туралы құжаттарды ресімдеу, есепке алу және беру заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

10.3. Колледж түлектері жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқуын жалғастыруға құқылы. Университетке, оның ішінде қысқартылған оқу мерзімін көздейтін сабақтас даярлау бағыттары бойынша қабылдау қолданыстағы үлгілік қабылдау қағидаларына және университеттің қабылдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Колледжді қайта ұйымдастыру және қызметін тоқтату

11.1. Колледждің университеттің академиялық құрылымдық бөлімшесі ретіндегі қызметін тоқтату туралы шешімді университеттің Директорлар кеңесі қабылдайды. Университеттің бекітілген ұйымдық құрылымына немесе штат санына әсер ететін колледждің ұйымдық өзгерістері Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.

11.2. Университеттің Басқарма төрағасы – ректоры Директорлар кеңесінің шешімінің орындалуын қамтамасыз етеді және тиісті іс-шараларды өткізу тәртібін, мерзімдерін және жауапты тұлғаларды айқындайтын бұйрық шығарады.

11.3. Колледж қайта ұйымдастырылған немесе оның қызметі тоқтатылған жағдайда университет білім алушылар мен қызметкерлердің құқықтарының сақталуын, шарттық міндеттемелердің орындалуын, құжаттаманың сақталуын және берілуін, сондай-ақ білім алушылардың оқуын жалғастыру мәселелерінің заңнамада белгіленген тәртіппен шешілуін қамтамасыз етеді.

11.4. Колледждің қызметі Директорлар кеңесінің шешімін орындау мақсатында қабылданған университет актілерінде белгіленген күннен бастап тоқтатылады.

12. Өзгерістер

ҚБТЕ-ге өзгерістер мен толықтырулар ІСҚЕЖжБӨ-нің рұқсатымен енгізіледі және оның қолы қойылған өзгерістер туралы хабарлама түрінде құжатпен ресімделеді. Өзгерістер туралы хабарлама парағы белгіленген нысанға сәйкес ресімделіп, осы ҚБТЕ-де сақталатын барлық құрылымдық бөлімшелерге жіберіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар ШҚУ ҚР 001-20 талаптарына сәйкес енгізіледі. Сақтауға тапсырылған ҚБТЕ-ге өзгерістер туралы хабарламаны тек әзірлеуші бөлімше ғана шығарады. ҚБТЕ-ге өзгерістерді құрылымдық бөлімше басшысы (ҚББ) енгізеді және бұл туралы өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағына міндетті түрде белгі қояды;

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне СХЫАжБ және ҚББ жауапты болады;

ҚББ ҚБТЕ-ні кемінде үш жылда бір рет қайта қарайды. Бұл ретте тексерулердің мерзімділігін есепке алу парағына міндетті түрде жазба енгізіледі;

ҚБТЕ-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мынадай негіздер болуы мүмкін:

- заң күші бар нормативтік-құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма төрағасы – ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- өзгерістер енгізу себебі көрсетілген және ІСҚЕЖжБӨ-нің рұқсаты берілген ҚББ-ның қызметтік жазбасы.

Бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда, ҚБТЕ ауыстырылуы тиіс;

ҚБТЕ ауыстырылған жағдайда университеттегі күші жойылған барлық даналар алынып, олардың орнына жаңа даналар қойылуы тиіс.

Ескірген ҚБТЕ-ні ауыстыруға және алып тастауға ҚББ мен СХЫжАББ жауапты болады.

Күші жойылған ҚБТЕ-ге «Күші жойылды» деген жазу жазылып, күшін жою негізі, күні және жазуды енгізген адамның қолы көрсетіледі. Одан кейін құжат мұрағатқа өткізіледі. Мұрағаттық құжаттар жұмыс барысында пайдаланылмайды.

13. Келісу, сақтау және тарату

ҚБТЕ-ні Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келісуді құрылымдық бөлімше басшысы (ҚББ) жүзеге асырады;

ҚБТЕ-ні ҚББ әзірлейді;

ҚБТЕ мына тұлғалармен келісіледі:

- ІСҚЕЖжБӨ-мен;
- СҚЕжХЫД директормен;
- СХЫжАББ басшысымен;
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысымен;
- ПБжҚҚБ басшысымен;
- Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысымен;
- заң кеңесшісімен.

ҚБТЕ-ні Басқарма төрағасы – ректор бекітеді. Құжаттың күші жойылғанға дейін қолданылады.

ҚБТЕ-нің түпнұсқасы ПБжҚҚБ-да сақталады. Оның сақталуына ПБжҚҚБ басшысы жауапты болады. Құрылымдық бөлімшенің барлық қызметкерлерінің ҚБТЕ мазмұнымен жеке таныстырылуына және түпнұсқадағы танысу парағына қол қойдырылуына ҚББ жауапты болады.

Университетке жаңа қызметкер жұмысқа қабылданған кезде оның осы ҚБТЕ мазмұнымен міндетті түрде танысуы керектігі туралы хабарлауға персоналды басқару және құқықтық қолдау басқармасының басшысы жауапты болады.

ҚБТЕ-нің есепке алынған жұмыс даналарын таратуды Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімі жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшеде ҚБТЕ-нің есепке алынған жұмыс данасының сақталуына ҚББ жауапты болады.

ӘЗІРЛЕГЕН:
Жоғары колледж директоры Б.Т.Толегенова

КЕЛІСІЛДІ:
Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі бойынша басшылық өкілі И.В. Ровнякова

Сапаны қамтамасыз ету және халықаралық ынтымақтастық департаментінің директоры Д.Қ. Ниғманова

Стратегия, халықаралық ынтымақтастық және аккредиттеу бөлімінің басшысы Ж.А. Биғалиева

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы, комплаенс-офицер К.Е. Жексембаев

Персоналды басқару және құқықтық қолдау басқармасының басшысы К.Р. Раисова

Құжаттамалық қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің басшысы И.К. Сакалбаева

Заң кеңесшісі Д.М. Раева